



Тілеккабыл БОРАНҒАЛИҰЛЫ

Фасырдан табарік

قرآن اصیا

قایع کم بز نهاده قول آستن ادھی پرسو جھ رو عینک عز تکار سخن خونه ای ساھا حاچا...

پنجم اور زینتی قار عاقر عنقر اور حلقی ایک دوسرے دو رقبا یعنی کمپنی سماں دو نگران میں نہیں جمع برقرار رہ گئے
بر جو لارڈ میر کو کوئی کتو آرالی ایڈم کو ولپر کارڈ، نچویہ پر ملینے لیا اقتدار آرالک روڈہ قویزب قش تھیں
جودہ را اچھے سب اولہ مسند قایقیوں رہا مگر سن ختم میں مند اکتوبر توبالکھ ہیں میں صابوں کھلاج کم کرنے نظر رکھی تو یہ
بہتر صور کا سفر ہے ایسا ٹھیک ٹھیک اور علمند کر جائیں گے میں اور زینتی قار عاقر عنقر ایک لارڈ کا اچھہ اور
کوئی قدر عالمی ایک ایک اولیہ ہے اور نیز نیز احتیار ایک ایک قویزب قش تھیں لارڈ توب

بدر بیور و طایفه بناء عصر تایپو کم می تواند دلیل این ایده است که این سه طایفه ایمان او را می خواهد
که این ایده ایمان و صراحت این حاجتی در حالتی که نویسندگان قبول آنستند اعمی از ولعدم آنها می باشد و به روح خود
که نویسندگان این ایده را می خواهند بولعهم کار دنبذی نمی ایند که راه است که بعد از کشته شدن همچشم

جذر جفا تکونج اولهانسی او حسون دیگران تو اندازه دارد

خانم بدرگاهی نزد علی خان او عکس نهاد و حکم پسر را





Тілекқабыл Боранғалиұлы
Гасырдан тәбәрік



АСТАНА

Тілекқабыл
БОРАНҒАЛИҰЛЫ

*Жасырдан
төбәрік*

ТАРИХҚА ТАНЫМДЫҚ ҚАЗАКАС



“ЕЛОРДА” - 2004

ББК 63.3(2Каз)
Б 76

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ,
АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Б 76 **Боранғалиұлы Т.**
Фасырдан тәбәрік
Астана: Елорда, 2004. – 264 бет

ISBN 9965-06-383-4

Кітаптың “Мәңгілік Махамбет” бөлімінде Махамбет Өтемісұлының өмірбаяны қызықты деректер арқылы баяндалады. Бір кездері қалыптасқан қасаң қағидалар мен орныққан әдеби пайымдар құрсауынан шығып, Махамбеттің батырлық тұлғасы мен ақындық бейнесін тыңнан сомдаған зерттеулер жаңаша көзқарастарға жетелейді.

Ақырын, ақырын алыстап бара жатқан XX ғасыр мен Адамзат мыңжылдығының ұмытылmas кездері, қимас оқиғалары, аңсатар сәттері — рухани тәбәрігі өркімнің көңіл күнделігінде. Кітаптың екінші бөлімі “Фасырдан тәбәрік” — өткенге ойша оралу, автордың сыр-сандығы.

Первая часть книги повествует о жизни и творчестве великого Махамбета. Автор в своих рассуждениях опирается на изученные и неизвестные архивные материалы, вступает в доброжелательную полемику с махамбетоведами, стремится познать поэта-борца в истинном облике.

Вторая часть “Наследие веков” — это своеобразный дневник души, мысленное возвращение в “прекрасное далеко”, незабываемые памятные события, ностальгия об утраченном, повествование об интересных фактах истории и неординарных личностях.

Б 0503020905-321
00(05)-04

ББК 63.3(2Каз)

ISBN 9965-06-383-4

© Боранғалиұлы Т., 2004
© “Елорда”, 2004

ҒАСЫРДЫҢ ЖАППА ҚАҚПАСЫН!

АЛФЫ СӨЗ ОРНЫНА

Қазақ жырының ой-санасы — Абай, ар-намысы — Махамбет. Абайдың гибратымен, Махамбеттің жігерімен еңе тіктеген әлеуметпіз. Бірі — рухани ұстазымыз, бірі — рұхты ұранымыз.

Әдетте, жырларын жаттаң, әніне елтіп, толгауымен текменуіміз бір басқа, ал әр үрпаққа айналып келер белесті мерейтойларының өзі үлт санасын сілкіндіріп, табындырып, тәнні етерін көріп келеміз, кейінгілер де көре бермек.

Кеше гана дауылпаз ақынның екі жүз жылдығы тұсында біз Махамбетпен шын мәнінде қайта табыстық. Бұрын бәрімізге ортақ бір Махамбет болса, енді әрқайсымыз оз Махамбетімізді ізdedік!

Қолыңыздагы кітаптың бірінші бөліміне енген танымдық дүниелердің дені бұрын мерзімді баспасозде жарияланған еді. Бәрі дерлік жұртшылық назарына ілігіп, пікір мен талқы нысанасына айналуын күтпеген жәйт дей алмаймын. Өйткені зерттеулердің жазу барысында махамбеттанушылар қатарына ұмтылуды емес, тың қозқарас, жаңаша ой-пайым ұсунуды мақсат тутқанмын.

Содан болар:

автордың Махамбеті — бейтандыс Махамбет, бейнесі екі гасырдай сомдалған біз білетін батыр емес дейтін кейісті көзқарас беделді әдеби журналда айтылып қалды...

автордың Махамбеті — әсірелеусіз, адами келбеті келісті тұлға дейтін мақтаулы лебіздер орталық баспасозде біршама жазылды.

Мақалаларга сілтеме жасап, үзінді келтіріп, он багалаған зиялы жандар, өз қалауымен көшіріп басқан басылымдар бар. Біразы интернеттің арнайы веб-сайты арқылы шалгай-шетке тарады. Сойтіп, таным тұгырына өз Махамбетімді қоя алғаныма қуандым.

Мерзімді басылымдардың колемі шектеуліктен бұган дейін жарияланғандар едәуір ықшамдалған, қысқарған нұсқалар болатын. Эрі бұрын Махамбет өмірінің айтылмай келген, зерттеушілер ескермей жүрген ақиқатын әлеуметке тезірек жария қылсам деген арыннан кеткен бірен-саран асығыс пайым, агат пікір қолыңыздагы кітапта ескерілді.

Оқырман дайын болыңыз:

*Махамбет поэзиясы жастайынан жыр баптаудан емес,
жан күйзелісінен жанартаудай кенет оянган құбылыс!*

*Махамбет — батыр, бірақ өмірінде өз қолымен адам
олтіріп көрген емес!*

*Истай мен Махамбеттің дүшпандары — Жәңгір хан,
Қарауыл қожа, Баймагамбет сұлтан о баста батырларга
жамандық ойламаган!?*

*Иә, бұрынғы көзқарастар шеңберіне сия бермейтін, ма-
хамбеттанушылар ойынан оқшаулау осындаи тұжырымдар-
ды алдыңызга көп тартпақтын.*

*Кітаптың екінші бөлімі “Ғасырдан тәбәрік” хақында бірер
сөз. Есіңізде болар, әуелі бір жыл асығып, одан он екі ай қош-
тасып жүріп, жиырма бірінші гасырмен қауышқанымыз? Ал
жиырмасынышы гасырды әлі ескі дәуір санатына қоса қойга-
нымыз жок. Ғасыр дейсіз, тіпті “откен мыңжылдықта” деп
сойлесек те қателеспес едік! Алайда күнтізбесі кеше гана
жабылған жүзжылдық туралы откен шакта айту үшін көңіле
көп нәрсе көмеккіленуі керек екен!*

*Жиырмасынышы гасыр — әркімнің өмірбаяны. Балғын ба-
лалығыңыз, жастық жалыныңыз, қимас күндеріңіз, ұмытыл-
мас жылдарыңыз соның аясында қалды.*

*Жиырмасынышы гасыр — ортақ Отанның, туган Еліңнің,
өктем саясат пен оқінерлік оқигалардың, арылудың, жады-
раган жақсылықтың дәуірі. Тарих алдында кесірлі кезең атан-
бас үшін ақыргы белесінде арыстарымызды ардақтатып,
тәуелсіздігімізді табыстаған жылнамалы жүзжылдық.*

*Адамзат атаулыны оркениет көгіне самғатқан ғаламат
гасыр өзінді қөктей өтіп, артық-кемі жок тұтас бір миlle-
ниумды еншіце тастай салды. Әлгінде айтқан дәуір, заман,
кезең, мезгіл ұғымдары бір сәт кеңістікте тогысып, қол со-
зым жерден керуендетіп оте берді. Осындаи ұлы оліарада
откенге ойша оралу ниетімен кезінде “Егемен Қазақстан-
ның” бетінде “Ғасырга сыр” авторлық айдарын жүргізген едім.
Мынау мөлтек мақалалар сол мақсатпен жазылған.*

*Еуропа жүртүндегі гректің “nostos” (туган үйге оралу) және
“algos” (мұңдану) деген қос сөзінен құрылған ұғым бар. Бізге
орыс тілінің үндестігінде “ностальгия” болып жеткен. Бұрын-
ғыны, бастан откенді, жогалтқанды аңсау мен қимастық-
ты білдірмек. Анау, ақырын-ақырын алыстап бара жатқан
гасыр мен мыңжылдықтың қимас кездері, ұмытылмас
оқигалары, аңсатар сәттері — рухани тәбәрігі де нақ сон-
дай, әркімнің көңіл күнделігінде. Ендеше, “Ғасырдан тәбәрік”
сіздің де сыр-сандағыңыз болса деймін.*

Ғасырдың қақпасын жабуга асықпайык!

Әірінші
бөлім

Мәңгілік
Махабет





МӘҢГІЛІК МАХАМБЕТ

*Іргедегі жазира жаңан
Ақынның боямасыз болмысы
Эмірші Сүйінішқали, қаруши Истай
Камқорлық пен қаралық
Жәңгір қойған старшын
Қазақтың марсельезасы — Махамбет
Ковалевскийдің кунделігі
Атасы Жәңгір болса да... (Шәңгерей)
Экесі Сырым болса да... (Казы)
Петербордагы дуэль, қырдагы дүбір*

Бала кезінде тарих окулығындағы дүбірлі оқиғалар өлдебір алыс өлкелерде өткендей көрінетін. Өзің тұрар мекенде ешқандай ерек тұлға болмағандай — батырлар, қайраткерлер, төңкерісшілер аяқ жетпес аймақта өмір сүріп, күресіп өткеніне күмәнің болмайтын. Эйгілі адамдардың бәрі тек кітаптарға жазылуға лайық қастерлі бір қияндардан шығуы керектігі занғылықтай табылуышы еді.

Сол тұлғалардың бірі — Махамбет ақын мектеп окулығынан: “Мен, мен едім, мен едім, мен Нарында жүргенде, еңіреп жүрген ер едім” деп тәкпелейтін. Мен Нарында жүргенде десе, сен туған жерден тым жырақта, сірә, басқалар басып жүруге құдіреті келе бермейтін жазира жандағы мұсылым кешкен шығар!

Ұлылыққа табынудан туындаған осынау жорамалдың қателігін келе-келе оқулықтан емес, туған жер шежіресінен үқтық. Біз тұратын Базаршоланнан небәрі сегіз шақырым жердегі аудан орталығы Калмыков поселкесінің тік жарқа-

багын Жайықтың арнасы мұжіп, кей жылдары шеткегі үйлер опырылып суға кетіп жататын. Қызыл кірпіштен қаланған қойманың бір қабырғасын жарқабақ жүтқанда, калмыковтағылар оның кезінде Махамбет батыр қамауда отырған бурынғы турме үйі екенін еске алды.

Мен Нарында жүргендегесе, Калмыковқа кім, қалай бұғаулап әкелген? Сөйтсек, Нарын құмның шеті осы Калмыковтың өкпе тұсынан туралай тартқанда бір көштік жерде болып шықты. Ол — ол ма, өзіміз жайлау қонатын Қалдығайтының жағасын 1843-45 жылдары Махамбет мекен етіп, қараша үйін тігіп, тұрмысын күйттеп отырыпты. Іргедегі Дендер дөңнің Қараой деген жерінде ақынның құлпытасы тұрған бол шықты.

Сөйтіп, байтақ даланың қай қиыры да кемел тұлғадан кенде еместігіне өз ауылыңың жер-суын басып өткен ұлы Махамбет арқылы көз жеткізген кез болған!

Махамбет деп сөз бастағанда ойдың төрі мен тілдің ұшында тұrap бірден-бір балама — “батыр” ұғымы. Яғни, Махамбет батыр! Алайда, қай шайқастағы батырлығын айтамыз? 1837 жылдың 5 қарашасында Жасқұс тұбінде тұлпарын тебініп, хан ордасын шабуға ұмтылғанда Исадайтың сабырымен ұрыссыз кейін шегінді. Арада он жеті күн өткенде Бекайдар — Елекенде Истомин отрядымен болған қактығыста қуғыншылар бетіне астындағы құс жастықтың мамығын шашып, құтылып кетті. Қысылтаяң жерде амал табу демесек, батырлыққа бағалар әрекет емесі анық. 1838 жылдың шілдесінде Ақбулактағы шешуші шайқаста да Исадай мерт болып, Махамбет амалсыздан бас сауғалаған. Рас, Бекей ордасындағы көтерілістің бастапқы айларында талай сұлтан отауының шаңырағын ортасына түсіріп, мал-мұлқін әкетіп, отбасын жаяу шұбыртқан. Алайда, олар жасанған жау емес, қорғансыз отырған бейбіт ауылдар еді. Көтеріліс кезінде әйгілі бір қарсыласын аттан аударған жекпе-жегі, атыс-шабыста патша өскерін жусатып, хан жасағын жасытқан жеке ерлігі белгісіз болса да, Махамбеттің хас батырлығы халықтың жадында.

Ендеше, оның баһадүрлігіне шубесіз сендеретін қандай құдірет? Міне, Махамбеттің феномені осы арада! Оның тандай қактырарай батырлығы жаумен жағалас үстіндегі іс-қимылымен емес, жырларындағы өршіл рухымен өлшенеді.

Бұл жөнінен Махамбет жалғыз емес. Кектенсе, Есім ханға да қыр көрсетер Жиembet жырау да тарихта батыр атанған. Ал, кешегі сұрапыл соғыстың қаһарманы Бауыржанның есімі үдайы жадымызда жүретіні неліктен?

Біздіңше, бұл үш тұлғаны батыр етіп сомдайтын ұрыс-майдандағы ерлігімен қатар, өздері туғызған сөздің құдіреті, батырлық жігерден қайнап шыққан жаужүрек жырдың, на-мысты нақылдың, ереуіл ұранның күш-куаты.

Біз Махамбеттің қай ісін білеміз? Архив актарар ғалым, оқып-тоқыры көп зерек жан болмаса, шыны керек, талайы-мыз Махамбеттің дәл қашан жасап, қандай ерлік көрсеткенін



Исатайдың мәрі —
“Исатай старшын ибн
Тайман”



Махамбеттің мәрі —
“Мұхамед ибн Утамиш
старшын”.

нақпа-нак біле де бермеуіміз мүмкін. Білетініміз — азаттық бұрқағын бастап, Жәңгір ханмен, Баймағамбет сұлтанмен жағаласып өткені. Басқа өмірбаянының керегі де жоқ еді. Қалған ғұмыр-өткелегі өз жырларында. Арманы, мұны, ай-баты мен қайраты толғауларынан төгіліп тұрса, туғаннан өлгенге дейінгі тірлігінің ұсак-түйегін түгендеп отырудың кімге қажеті бар!

Алайда, Махамбеттің боямсыз болмысын зерделеп болмағандаймыз. Оның күрес жолы қай қыырларда өтті, кімге қадірлі, кімге содырлы көрінді, достасқан, ұстасқан тұлғалары кім деген деректерге көп дендей бермейміз.

Заманы солай, қазақ арасының араздығын жастайынан көріп өсті. 1816 жылдың тамызында тұтқылдан келген қарулы қырық бес адам Өтеміс ауылының астаңын шығарды. Бөтен емес, беріш руының беделдісі Сүйінішқали сұлтаның өзі бастап келген кекшілдер ауылында барымташы ұстап, қашқындарды жасырасың деген желеумен Өтемісті тұқыртып, біраз мал-мұлкін өкеткен сол дау-дамайдың аяғы Астрахан мен Орынборға дейін жетті. Сонда-сонда қаумалаған қарулы топтың басында жүрген екі белсендіні отты жанарамен түйреп, Өтемістің он үш жасар Махамбеті тапжылмай тұрды ма екен?

Карулы қолдың әміршісі Сүйінішқали болса, қарушысы жиырма бестегі жас батыр еді. Ауыздығын шайнаған тұлпaryның екпінімен Өтемістің боз отауын бір айналып шығып, ат үстінен ауыр сойылымен солқ еткізіп орай соғып өткені бала Махамбеттің жадында жатталса керек. Әсірелеуден арыла сөйлесек, бұл — Исадай Тайманов болатын!

Тарихшылар да қызық, архивте айқын жазылып қалған осынау оқиғаны жуып-шаймақ болғанда “Исадай бұл қателігін кейін түсініп, Махамбетті қамқорлығына алған” деп жазатындары бар. Шындығында екі батырдың тізе қосып, ағатайберіш ұрандалап, айғайлап жауға аттануына дейін әлі он жыл бар еді. Бала Махамбет түгілі ол кезде батыр Исадайдың хан билігіне, орыс үстемдігіне қарсы бас көтерердей ойы жоқтын. 1827-29 жылы Қайыпқали сұлтан көтеріліс жасап, Бөкей ордасын дүрліктіргенде Исадай батыр Жәңгір хан жасағында жүрді. Көтеріліс ауқымын білу үшін қырға шыққан генерал Генстің қауіпсіздігін сақтап, жолбасшы болды. Қайыпқали жеңіліп, Жайықтың арғы бетіне қашқанда, көтерілісті басуышылар қатарында үкіметтен маралат алғаның бірі де Исадай. Бұл қызметін әділ бағалаған Жәңгір хан батырға Каспий жағалауынан құнарлы жер бөліп, қарағайдан үй салғызып, старшындық билігін бұрынғыдан да бекем еткен.

Айта кету керек, мақсаты жөнінен Қайыпқали Есімов бастаған ұлт-азаттық аттаныс Исадай-Махамбет көтерілісінен кем соқпайды. Әбілқайыр ханың немересі болғандықтан, Қайыпқали кеңес кезінде көп дәріптелмесе де, оның қозғалысы он жылды қамтыған дүбірлі оқиға. Тіпті, Исадай-Махамбет наразылығының соңғы сатысы осы Есімов қозғалысының аясында өрбіді, батырлар паналяған ел, ақырғы айқасқа ерткен өскер Қайыпқалидікі еді...

Алайда, Қайыпқали сұлтан көтерілісінің Исадай толқуындей халық жадында жатталып қала алмауының бір себебі оны кенестік тарихтың нашар “насихаттауынан” емес, Махамбеттей ұраншысы, арынды жырауы болмауынан шығар!

Махамбет поэзиясы 80 өлеңмен шектеледі. Махамбет мұрасын молайтамыз деп, жарияланбаған жыры деп қосатындей туынды енді табылмайды. Табылатындей, Махамбет жастайынан үкілі домбыра үстап, ойын-сауық құрған сал-сері емес. Әдебиет зерттеушілері қалай көрерін, біздіңше, Махамбет көтеріліс күндеріне дейін жыр-толғауды өнер қылмағандай. Ақын жырларын қайта оқып көріңіз! Жастық шақтың жалыны, махаббат лирикасы, табиғатқа тамсану дегенініз Ма-

хамбетте атымен жок. Оның жыраулыққа ден қоюы 1837-38 жылдарғы күрес күндерінен басталып, одан кейінгі қуғынды кезеңде туған аттаныс ұраны, жорық жырлары, өкініш пен ыза-кектің түйдекті толғауы.

“Ереуіл атқа ер салмай, егеулі наиза қолға алмай.., ерлердің ісі бітер ме?!” дегені 1837 жылдың жазы мен күзінде орданы дүбірге бөлеп, өзі айтатында “халыққа тентек атанған” тұстағы кредитосы. Исадай екеуіне еріп, білтеліге оқ салып, біртіндеп жебе суырып жорыққа сайланған жігіттерге жігер бергені.

Бұл — Махамбет поэзиясының беташары. Бұдан бұрын айтылған бейбіт өмір жырлары жок, бола қалған күнде де оны толғаған Махамбетті тану бізге оңайға түспес еді. Өйткені біз жас Махамбет, кемел Махамбет ақын дегенді білмейміз. Біздің білетініміз оның алмас қылыштай өткір, өз әрекетіндей тәуекелшіл толғаулары. Соған қарап ақын өлеңдері тек 1837-46 жылдар аралығында жырланған деген пікірді батыл ұсынуға болатында.

Әйтпесе, өлеңді ол басқа қай жерде туындарар еді? 1827-29 жылдарғы көтеріліс кезінде Махамбет күрескерлік дәрежеден алшак еді. Жаны күйінетіндей оқиғаға араласа қойған жок. Нәк сол жылдары тұтқындалып, Калмыков түрмесіне қамалды. Қайыпқали қозғалысына қатысқан жұрт бөкейліктен Кіші жүзге ойысса, Махамбет Жайықтан ордаға қарай өткені үшін ұсталды. Оған Хиуа жақтан жасырын контрабанда тауар өткізумен айналысады деген айып тағылды. Екі жыл отырып, Калмыков басында оба дерті дендерген абыр-сабыр кезінде қырға қашып құтылды.

Бірер жыл бойтаса жүріп, сірә, Исадайдың көмегімен болса керек, әйтеуір, хан ордасының төңірегінен табылды. Жәңгір Махамбетті сарай ақыны қылмақшы болыпты дейтін тұжырымға қосыла алмаймыз. Ханның ерекше тапсырмаларын орындалап жүрген Исадайдың ұсынысымен руласы, батылдығымен көзге тұскен Махамбет сарайға басында ханның төлеңгітінің бірі ретінде жақында спады ма екен? Тосын айтылған бұл пікірге махамбеттанушылар түсіністікпен қарап дейміз. Ордадағы толқудың ызғары басылмаған кез, ханға қауіпсіздік керек, қарулы, сенімді қорғаушыны Исадайдай жанашыры ұсынуы қисынға келеді. Содан 1833 жылы күзге салым ханның тоғыз жасар баласы Зұлқарнайға тәлімгер болып Орынборға оқуға бірге аттанды. Титулды кеңесші Карелиннің үйінде жатып оқыған Зұлқарнайдың қасында

бір жылын қалада өткізді. Бірақ тәрбиешілігі Жәңгірдің көңілінен шықпай, Махамбетті қырға қайтарып, 1834 жылдың 9 маусымындағы өз өкімімен старшындыққа тағайындалды. Жыр толғайтындағы не күйзелісті, не шабыты шалқыр сөттерді бастан кеше қойған жоқ.

“Исатай деген ағам бар” дейтін батырлар бауырластығы жарасым тапқаны осы жылдар. Орданың хандары Бекей, Шығай, Жәңгірдің ешқайсынан сыйластық болмаса, қысым көрмеген Исатайдың қанаты астында жүруі бірбеткей, қызыба Махамбеттің қараның қамын ойлайтын, әлсізге араша боларлық қайратын сомдай бастады. Дегенмен 1836-37 жылдарғы көтерілістің басты себебі Жәңгірдің Исатайды жер-су, қоныстан алалауы деген тұжырым кейде қисынсыздау көрінеді. Жәңгірді қойып, сонау 1812 жылдың 12 наурызында әкесі Бекей ханның өзі Исатайға қол астындағы қазактарымен бірге Каспий теңізі жағасынан Кокарев және Кулпин кордондары аралығынан қыскы орын беріп, бұл үйғарымын ерікіндік хатпен куәландырды. Ол жерлерде көшіп-қонудың ыңғайын Исатайдың өз билігіне тапсырды.

Әке аманатына адалдық танытқан Жәңгір де 1826 жылдың тамызында: “Исатай Таймановқа Каспий теңізінің жағалауындағы жыл сайын қоныстанып жүрген Күйгенаал мен Қарақамыс аталатын жерлерді мекендеуге рұхсат беремін” деп батырдың жер еншісін зандастыра түсті.

1834 жылы ханның Исатай жайлаған жердің картасын түсіртіп, төрт құбыласын белгілеп, тау, шағыл, құдық аттарын көрсетіп, қолын қойып: “Осы жоспарды бекіте отырып, адап қызметі үшін старшын Исатай Таймановқа және оның жақын-туистарына жоспарда сызылған жерлерді мекендеу, пайдалану еркін беремін” деген құжаты және бар. Аталған мекенді ортақ жайлаған Исатай мен Махамбет осылайша аралары ажырамас азаматтарға айналды.

Каспий жағалауы қазактарын Қарауыл Бабажанов басқаратын. Ал мына жәйтті тарихқа қиянат дей көрменіз: Исатайдың қонысын өзге көршілерден қорып, колдаушы-коргаушысы басқа емес, нақ Қарауыл қожаның өзі болған екен! Бабажанов орыс помещиктерімен келісім-шарт жасасып, қазактар үшін арендаға қытайтын жер алып, халықты ақылы жұмысқа тартып, сауданы дамытып, қазак арасынан капиталистік кәсіпкерлікке алғаш ден қойған адам екендігі жайында дерек мол. Орынборда, Оралда мешіт салдыруға қаражат берген имандылық істерін айтпағанда, Астрахан мен



Шәңгерей Бекеев

*Адыра дедім Нарынды
Күсы ошіп колінен,
Күты кетіп жерінен,
Саба құрсақ билерден,
Еңіреген ерлерден
Айрылып адыра қалғанга.*
Шәңгерей.

شایر

پا سەد

فازاق آقىدارىنىڭ باسطى جولارى.



مەھامبەت ئەمەن بۇ كېپىن.

Орталық Азияның қоғамдық мәдениетінен
Төхөнилдөр «ИДРИМСЫЗ, ХУСАИНОВИ И НР»
Орталық Орталық

Махамбеттің өлеңі тұңғыш рет баспа бетін көрген “Шайыр”
кітабы. Орынбор, 1910 жыл.

Орынбордың зиялды адаластықта болған. Генс одан қазактар жайында біраз аныздар мен тарихи деректер жазып алған.

Әттең, қазактың Исатай, Махамбет, Қарауыл секілді беделді адамдары ел мен жер тұтастыры үшін бірауызды болу орнына өзара аттандасып, алысып-жұлысып шыға келді. Қарауылдай бак-дәuletке үмтүлған жерде тойымсыздық, Исатайдай есе кеткен жерде ашу-ыза қай заманда қатар жүрмеген?

Жалаң найза, жалғыз атпен атойлағандардың басын қосып, әскер сайлап, Исатай мен Махамбет көтеріліс бастады. 1837 жылдың 16 қыркүйегінде батырлар екі жұз адамдық жасап-пен Қарауыл қожаның ауылын шапты. Қарауыл мал-дүниесін үмытып, арба-күймеден айнала тосқауыл жасап, он екі қарулы жігітімен өз отбасын қорғаумен жанталасты.

Қожа ауылының жаралысын сұлатып, елу адамын байлап-матап, төрт адамын өлтіріп, батырлар алғашқы жеңіске

жетті. Көтерлісшілер Қарауыл ордасының турылығын турал, керегесін қақыратып, көз жауын алатын қымбат сандығын ішіндегі өзінікі бар, қазынанікі бар — 3000 рубль байлығымен бірге ала кетті. Барымташы жігіттер 441 жылқысы мен 41 түйесін алдарына салды. Сөйтіп, Исатай-Махамбет пен тіресемін деп, талайға тізесі батқан құдіретті Қарауыл Әп-сөтте ел ығар содырдан жұрт аяр сорлыға айналды.

Автордың өсірелеуі десеніз де, тарихтың тағы бір дерегі: үлкен-кішінің көлегейімен Махамбеттердің атыс-шабысынан Қарауылдың отбасы, соның ішінде үш жасар ұлы — қазақтың болашақ этнограф ғалымы Салық Бабажанов та аман қалды...

Ордадан Жәңгір Исатайға үсті-үстіне хат жолдады: “Өкінішке орай, әркімдерден сіздің халықты қобалжытып, жамандыққа үндел жүргеніңді естіп отырмын. Сіздің ақыл-парасатыңызға, адалдығыңызға әбден қанық болғандықтан, көзбе-көз сөйлесіп, түсіністікке келу үшін шұғыл түрде маған жетуіңді талап етемін” десе де, Исатай мен Махамбет арбауға көнген жок.

(Абхаз тайындағы әдебиеттің әңгімелерінде)

Айрылуі آطنه (۹) ایرصالهای — ایگبولی نایرا (۱۰) فوغنه آلمای — ایککو
 ایککو (۱۱) جیر چامای — فوڭر صالحون نوسکه آلمای (۱۲) فبلنی دوره کل
 اوڭفا آلمای. (۱۳) تیبونىكى (۱۴) نی تیرگە چروتىي — تیرلوکدى (۱۵) سوتى
 ارۇنىي — ازلىكدى توپىپ (۱۶) ایت جىمىي. — اولى توپىکه اوزوپىاي (۱۷) —
 جانغەصالغان.اللهنڭ (۱۸) آرتويىرى (۱۹) آطبولماي — آطوكدى بايلاب كېلىگىنە
 خاطرون بالا چاڭ ئولماي (۲۰) زون فاطىب جوروب تونس قاچىنai — (۲۱) تىمر قازوق
 جاصطانبىاي (۲۲) فۇطلاغاي باصطنباي (۲۳) ايرانيردىڭ اسى بىتىرمە؟ (۲۴).

“Шайыр” жинағында басылған “Исатайдың андасы Мұхамед жыраудың сөзі” (“Ереуіл атқа ер салмай”).

Осы орайда көтерлісшілердің Орынбор әкімшілігіне қойған бір талабы аса қызықты көрінеді. Жәңгір билігінен кету үшін Перовскийге жазған үндеуінде Исатай мен Махамбет Орал казачествоның құрамына кіруге сұранады: “Мы решаемся убедительнейше просить о дозволении нам вступить в состав служилых людей Уральского ведомства и помогать по службе государю императору, исправлять походы в дальние города, как, например, в Ново-Александровское укреп-

ление и другие ему подобные места” дегенді оқығанда, бәрінен бұрын Жәңгір қатты күйінген екен. Хан Орынбор әкімшілігіне наразылық білдіріп, қазақтар казачество қатарына өмірі өтпейтінін, кешегі 1827-29 жылғы көтеріліс кезінде ордалықтар әскери қызметке тартылады деген бір ғана сибыстан халықтың Жайықтың аргы бетіне қашқанын еске салды. Орда жерінің төрт құбыласын казачестводан қорып, айтысып-айқасып, Петерборға патшаның өзіне дейін барып зандастырып жүрген байғұс хан өз қандастарынан мұны күтпеген еді. Әрине, мұны батырлардың шын ниеті емес, Жәңгірге қыр көрсетуі деп ұғынуымыз керек...

Орал казачествоны командирлері мен Орынбор шенеуніктерінің бірқатарымен таныстыры бар Махамбеттің ақыл-кенесімен деуге болар, Исатай Перовскийге жазған хатында өздерінің ауыр халіне ден қоя білетін, арыз-шамдары бойынша бұқараның пікірін тыңдалап-түсінетін өділ шенеунік жіберуін сұрайды. Әсіресе, өтініштерін подполковник Дағын мұрза келіп қараса деп тілек айтады. Байқасынан, Дағын деп отыргандары Перовский әкімшілігінің ерекше тапсырмалар бойынша шенеунігі, кейіннен төрт томдық тамаша түсіндірме сөздік шығарған ғалым, қазақ өмірінен қызықты шығармалар жазған Владимир Иванович Дағын болатын.

Мемлекеттік архивтің 4-қорында Исатай-Махамбет көтерілісіне байланысты талай том құжат жатыр. Әрбір күні, оқиғасы, адамдары, қактығыстары ешбір саясатсыз, боямасыз, болған күйінде хатталып, “кейінгі үрпак, әк-қарасын өзің сарала” дегендегі сыр бүккен қалың тарих. Қылыш хикая шежіресінен өр жақтың айнымас өз шындығы айғайлап тұр. Көтерілісшілер үшін бұқараның басына түскен бар ауыртпалықтың кінәлілері — хан мен билеуші сұлтандар, ауқаттылар. Хан мен Орынбор әкімшілігі үшін көтерілісшілер әрекеті — заңсыздық, бұліншілік, тонаушылық. Әр жақ өз ақиқаты жолында айқасқа өзір.

Айқасса, бұл дүрбелеңнің дүмпуі осы өлкеде бұрындары болып өткен Пугачевтің бүлігінен кем соқпады. Қос батырдың кегіне ұшырамаған би-сұлтан қалмады. 1837 жылдың 26 мамырында Теректі мекеніндегі Балқы бидің қалаша салған қарағай үйіне басып кіріп, бар дүниесін 20 түйеге артып, 50 сәйгүлігін алдып, 270 адам үш күн ойрандады. Байбакты руының билеушісі Шөкі Нұралихановтың, он жеті жасар Дәuletкерей күйші мен оның ағасы Тоғым Шығаев-

Ал оны баласының қасына тастап бара жатқаны туралы Ладыженский атына берген өтінішінде Махамбет те ештеңе айтпайды. Нұрсұлтанды Кожа Назарбайдың үйінде қалдырығанын ғана жазған. Ендеше Бәсімбет Орынборға мүлде келмеген, жолдағы бекеттерден Бәсімбет болып өткен Махамбеттің өзі деген жорамалдың жаны бар.

Сөйтіп, 1845 жылдың ақпанында Махамбет Орынборға келеді. Ол жайында ақынның өз өтінішінен оқып көрелік:

“Урунборның сархад махкамасының худуд комиссиясының афзаллуси гасбедин гинрал-майур һәм кауалир Михаил Уасилевич Ладизинский хузратына бириш руының жайық тайфасының старшину Мухаммад Утамиш уғлиндан ғарзе. 1844 йылда әдил улуғ имбиратур падишаһ ағзам хазратларның киши йуз қырғыз қазакларнин, султанлар уа би уа старшину уа һам қазакларының сабилары хақында хамқорлық

Махамбеттің Шекара комиссиясының тәрағасы М.В.Ладыженскийге жазған өтініші.

(Мемархив, 4-қор, 3414-ic, 21-парап)

برهم روی شیر چایخا نایند سپیده اسلن فرد از نامش او عالمگران
سبعایل و سیلو و پیچ لادین نهیکار حمله نمی



بیانیہ
مودودی

қылыш мархамат етті. Усиндан хабар хат алыб шул 44 йыл жадді йулдуз-нин 25-нши йауминдин ун йашар үглум Нұрсултанны алып саккиз йуз шақырым йул йурыб килсам де табу бугранушнук камиссия ху-зурындағы училище ашылмағану сабап қазірде қалдурдum үглум Нұрсул-танны титулярный савит-ник Хаджи Назарбай Бай-кишиевтың уйинде. Ушбу-ниң хакында шарибли аф-залталудин утунушлидур-ман. Джанаб айларуыңыз мақбул алынып баламды зикр айдунмиш училище ашылған заманда табу үглемны йақшы тарбия аилан уқуттырмасыңызы дариф уа фарамуш айла-миннай алирдиниз дип Мухаммад Утамишув. 1845 йылниң далу айы сурадим”

Құжат бұрыннан белгілі болғанымен, оны алғаш рет 1984 жылы қазіргі қаріпке түсіріп жариялаған

да қалып, оның орнына Махамбеттің өзі аттанған секілді. Өйткені Махамбет Орынбор трактіндегі бекеттерден рұхсат қағазынсыз өте алмас еді. Әрі 1841 жылы өзіне шығарылған өскери сот үкімі бойынша оның Орынборды қойып, шекара линиясына жақындауға құқы жоқ болатын. Рұхсатты өз атына ала алмайтынының сырь да осында. Бизянов рұхсат қағазын 16 қантарда бергенімен Махамбеттің Орынбор мен Текенің арасындағы 200 шақырымдық жерді жарты айдай жүруін солай түсінеміз.

Бұл қисынды шындыққа жақындана түсетін тағы бір архив дерегі — Орынбордан елге қайтарда, 1845 жылдың 9 ақпаны күні Махамбетке берілген билет. Шекара комиссиясының тәрағасы генерал-майор Ладыженский қолын қойып, гербісі бар мөрін басып берген жол құжатта: “Предъявителю сего старшине бершево рода жаикова отделения Мухамеду Утямисову с одним при нем товарищем киргизом Бутумбаем Иркеным, привезшему в Оренбург малолетнего сына своего Нурсултана для определения в школу при Пограничной комиссии открываемую, дозволено отправиться обратно в свой аул против Калмыковской крепости, по сему ему Утямишеву с товарищем при нем, чинить в проезде в свой аул свободный пропуск” делінген.

Архивте жоғарыдағы Нұрсұлтанға берілген билеттің түпнұсқасы тіркелсе, Махамбетке жазылған 62-нөмірлі билеттің осы көшірмесі сақталған. Әрине, бұл арада көшірменің өзі — түпнұсқа. Өйткені Нұрсұлтан құжатын Орынборға әкеліп тапсырса, Махамбет өзімен бірге ауылға алып кеткендіктен, іс қағазына оның көшірмесі тіркелетіні түсінікті.




В.А. Обручевтің қолтаңбасы.

Астында: “Подлинный (ягни, Махамбет алғанын — Т.Б.) подписал генерал-майор Ладыженский” деп жазылуы сондықтан. Мұны тәптіштеп отырғанымыз, аталған құжат та бұрын-сонды еш жерде пайдаланылмағандықтан, махамбеттанушылар үшін қызықты да құнды болмақ. Енді назар аударыныз, Нұрсұлтанға еріп келуге тиіс Бәсімбет қайда? Егер ол Орынборға келген болса, Махамбетпен бірге елге қайтуы тиіс қой.

“Предъявителей сего Зауральской орды старшинского сына Нурсултана Мухаметова и киргиз Бутенбая Иркибаева и Басимбет Султанмратова, отправившихся в г. Оренбург, благоволить Г. г. начальствующие по тракту туда и обратно пропускать без задержания. Дано сей в г. Уральске, за моим подписем, с приложением моей печати. — Января 16 дня 1845 г.

Управляющий Уральским Войском полковник Бизянов”.



В.И. Дальдің қолтаңбасы.

Оралдағы ең жоғары әскери лауазым иесі қолын қойып, сургучке мөрін басқан бұл құнды құжат Орталық мемлекеттік архивтің 4-қорындағы “Қазактардың Орынбор шекара комиссиясы жанындағы мектепке балаларын орналастыру туралы өтініштері және осы мәселе бойынша жазысқан хаттары” аталатын 3414-ісінде 23-парап болып тігілген.

Полковник Бизянов Нұрсұлтанға Махамбеттің баласы екенін білмestен билет жазып беруі де мүмкін. Нұрсұлтанның фамилиясын бүкіл орда мен Орынборға әйгілі Өтемісов емес, Махамбетов деп жаздыруынан да ақынның сақтық жасағаны байқалады. Әйтпесе, Бизянов Махамбеттің кім екенін жақсы біледі. 1838 жылдың 5 шілдесінде Исатай қолына қарсы Орынбордан Геке әскері шыққанда, жазалаушыларға көмекке Горск бекінісінен Қылдың бойына өз қарамағынан 4-Орал полкінің жүздігін жіберетін осы Бизянов. Сол жылдың 11 шілдесінде Орынбор губернаторына: “Қайыпқали мен Исатайдың 2000 адамдық қолы Калмыков бекінісінен үш күндік жерде, Сагыздың бастау тұсына жақындалап келеді. Қол астына әлім, табын және адай руларының қазактары біріккен” деген шұғыл мәлімет жеткізген Бизяновтің Махамбетті ұмыта қоймағаны көміл.

Орынборға дейін ешкім тоқтатпасын деген 17-нөмірлі билет қолға тиген соң Нұрсұлтан өз серіктерімен сапарын одан әрі жалғастыруға тиіс деп түсінеміз. Дегенмен, осы арада біз Махамбет өміріне қатысты тосын жорамал ұсынғымыз келеді. Біздіңше, Нұрсұлтандар Орынборға бармaston Калмыков тұсындағы өз ауылына қайта оралады. Сол жерде рұхсат алған серігінің бірі Бәсімбет Сұлтанмұратов ауыл-

жігерін жасыта алған жоқ. Қайта, жау жапырар батырлық қайраты астана жұртын айналған ақындық айбатымен жалынады. Сонда да мынау алмағайып дүниеде теңдікті тек көк сұңгінің күшімен талап ету мүмкін еместігін түсінді. Осы оймен баласы Нұрсұлтанның білім алуын арман етті.

Орынбор әкімшілігінің қазақ балаларын оқуға тарту ниеті Махамбеттің сол арманына үміт сәулесін түсірді. Бұл жолы да Шекара комиссиясының жанынан мектеп ашылатыны туралы хабарды қыр қазағы әртүрлі қабылдады. Баласын оқуға беруден қауіптенгендер де, керісінше әлі жасы жетпеген ұлын шәкірттікке кандидат етіп жазуға асыққандар да табылды.

1844 жылдың 20 қыркүйегі мен 15 қарашасында Батыс бөліктің әкімі Баймағамбет сұлтан болашақ мектепке және Неплюев кадет корпусына отыз қазақ баласын қабылдау туралы Шекара комиссиясының әкімін алды. Сұлтан жергілікті әкімдер арқылы жүртты хабарландырып, ата-анасы оқытуға ниет білдірген алғашқы он екі баланың тізімін 1845 жылдың 30 наурызында комиссияға жолдады.

Жақсы жаңалық Жайықтың Калмыков бекінісінен қарсы беті тұсын мекендейтін Махамбет батырға да жеткен еді. Исатай қаза тауып, көтеріліс жеңіліске үшырағаннан кейін Хиуа жақтан көңілі біршама сұып, Ресей саясатының ықпалына ынта білдірген ол баласын орыс оқуына беруге берік бел байлады. Бірақ бұл өтінішімен Баймағамбет алдына қалай бармак? Патша әкімшілігі актағанымен, кешегі халық кегінің көсеміне сұлтан жылы қабак танытпақ емес. Әрі өзіне арнап айтқан өткір толғауларын әкім кешіре қояр ма? Оның үстінен үкіметтің линиядан шалғайға жіберген үкімін бұзып, Орта бөліктен жырақтап, Баймағамбет билейтін өлкеге рұхсатсыз қоныстанғаны тағы бар.

Махамбеттің мақсатты жолға Баймағамбет ставкасына соқпастан Орал қаласы арқылы аттануы көп жайды аңғартады. Жанына екі жолбасшы қосып Нұрсұлтанды Орал Әскерінің (Уральское Войско) командиріне жібереді. Оралдың қазақтарды басқару ісіне тікелей қатысы болмаса да, қандай жолмен екені белгісіз, өйтеуір Нұрсұлтанға Орынборға баруға рұхсат қағазы беріледі. Зерттеушілер назарынан тыс қалып жүрген, басылымдар мен баспасөзде бұрын аталаған, мазмұны не факсимиле көшірмесі жарияланбаған осы қызықты құжаттың мәтіні мынадай:

жаңалыққа құлықты ешкімді таппай, бәрі бір кісідей: “не оказались”, “никто желание не изъявили”, “против вверенной мне дистанции не находится” деп жауап жазған (*ҚРОМА, 4-қор, 310-іс, 1, 21-параптар*).

Тек Жәнгір хан ғана өз ордасының бірер адамын көндіріп, жеке үлгісімен тоғыз жасар Зұлқарнайды Орынборға жіберетіні сол 1833 жылы! Ешқандай талас туғызбайтын дерек, өйткені: “Высокостепенному хану Джангера Букееву. Предписано комитету училищному поместить в училище сына Вашего сultана Зюлкарная полупансионером с тем, чтобы он проживал в доме титулярного советника Карелина, о чем и доверено до сведения Вашего. 6 июня 1833 г.” (*ҚРОМА, 4-қор, 310-іс, 18-парап*) деген мәліметтер Махамбет пен Зұлқарнайдың Орынборға 1833 жылдың күздінде, оқу басталарда барғанын дәлелдей түседі.

Ал, Махамбеттің Орынбор кезеңін 1824 жылдан бастай алмауымызға негізгі себеп: Зұлқарнай ол жылы өлі тумаған немесе бесіктегі бала. Өйткені, жоғарыда келтірілген архив қорының материалдарында Зұлқарнайдың жасы тоғызда екені губернатордың, Шекара комиссиясы төрағасының, Жәнгірдің өз хаттарында әлденеше рет қайталанған. 1837 жылы толтырылған ханның формуляр парагында Зұлқарнай он үште деп жазылған.

Махамбеттің Зұлқарнайға тәлімгер болғанын Жәнгірдің батырға деген өкпесі өштестікке айналған 1837 жылы оны ғайбаттап: “Махамбет Утемисов нехорошего был поведения находясь в Оренбурге при малолетнем сыне моем султане Зюлкарнае, я прогнал его как негодяя” (*ҚРОМА, 4-қор, 4197-іс, 13-парап*) деп жазғанын білеміз. Қызып жібердім дегенімен, шын мәнінде, иі жұмсақ Жәнгір Махамбетті қатты ренжітуден қаймығып, қолына аз да болса билік тигізеді.

Сөйтіп, ақын Орынборда алты жылдай жүрмеген, әрі деңде келер 1834 жылдың маусым айына дейін болған. Себебі, Махамбеттің: “1834 жылдың 9 шілдесінде Жәнгір хан берген 542-нөмірлі жарлық бойынша старшина аталамын” деген түсініктемесі бар (*ҚРОМА, 4-қор, 1974-іс, 355-парап*). Бұдан, Жәнгір Махамбеттің Зұлқарнай тәрбиесіндегі бір қылышына көнілі толмай Орынбордан қайтарып алып, Исадайдың қол астына старшын етіп жібергенін көреміз.

Одан бері батырдың басынан не өтпеді? Көтеріліс сәтсіздігі, екі бірдей қырғынды соғыста жолдастары мен Исадайдан айрылуы, қуғын көріп Хиуа шебіне кетуі, тұтқындалуы



зерек зерттеушінің ханның Ескендір және Зұлқарнай деген екі баласын бір адам деп жаңсақ айтудын, сол арқылы Махамбеттің орынборлық кезеңінен жаңылуын бұл жәйтке нақты көңіл қоймағанынан болар деп түсінеміз.

Сонымен, Махамбет Орынборға қай жылы барды? Зерттеу мақалалар мен танымдық әдемі хикаядан алынған жоғарыдағы үзінділерге ден қойсак, ақын қалаға 1824 жылы (*иә, Фатима сол жылы 14-те еді — Т.Б.*) барған болады. Сол барғаннан Махамбет табан аудармай қалада алты жылдай тұрған!

Осындай жаңсақтықтардан өрби келе өзге бір туындыларда Махамбеттің орыс тілінде емін-еркін сөйлеуі, жазушы Дальмен жандай дос болуы, жер аударылып келген декабристердің оның өлеңдерін орысшаға аударуы секілді екіүшты деректер ақын Әмірбаянын “байыта” тұсті.

Ал, шын мәнінде, 1833 жылы Орынборға жаңадан губернатор болып келген Сухтелен бұрынғы губернатор Эссеңнің қазақ балаларын Неплюев училищесінде оқыту жөніндегі бастамасын қайта қолға алып, Жәңгір ханға, Кіші жүздің үш әкімшілік бөлігінің билеушілері Жұсіп Нұралиев, Жантөре Жиһангеров, Баймағамбет Айшуақов сұлтандарға және 17 орыс дистанциясының коменденттарына жеке-жеке хат жолдап, баласын окуға беруге ниет білдіргендердің тізімін сұратады. Басшылар қанша үгіттегенімен бала оқытатындар табылмайды. 17 орыс комендант та сол мандағы казактардан бул



Нұрсұлтан Махамбетовке Оралдан
Орынборға баруға рұхсат билеті.
(Мемархив, 4-қор, 3414-іс,
23-парап)


Нұрсұлтан Махамбетовке Оралдан
Орынборға баруға рұхсат билеті.

(Мемархив, 4-кор, 3414-ic,
23-парк)

Упомянутые вибраторы во всех
секундомерах same type имена
известны и нередко бывают
приводом в движение гимнастами,
снападавшими Dr. Gremijro,
Барвасома T. T. Karan... bylo -
здесь же мы видим, что в изложении
известных here appears. — Ганс
се' 88.0. Ганс сидит на скамье ин-
струментов, смотря вперед и смеется.
— Ганс, 16 звуков 45.0.





Григорий Карелин

*“Мархабатты Григорий
Силович мырза! Ұлым
Зұлқашты сізге тапсыра
отырып, өз балаңыздай
багып-қагуыңызды
отінемін”.*

Жәңгір,
11 қараша, 1833 жыл

маған ғой) сөзге килікті. Махамбетті көзіне ілер емес” дегенді жазушы Әкім Таразидың “Тәж” хикаятынан оқимыз.

Белгілі махамбеттанушы Б. Аманшиннің романы мен әдеби-зерттеу кітабында Зұлқарнай оқуға Жәңгірдің Зылихаға (дұрысы Салиха — Т.Б.) үйленген жылы барған. “Сол жылы күзде Жәңгір өзі Зұлқарнайым, Зұлқарнайым деп еркелететін тұнғышы Ескендерді Орынборға оқуға жібергенде, Махамбетті қасына қосқан” (Аманшин Б. “Махамбеттің тағдыры”, “Жазушы” баспасы, 1991) дейді ақын өмірінің білгірі Берқайыр зерттеуші.

Жәңгірдің Салихаға үйленетіні 1844 жыл ғой. Ол жылы Зұлқарнай жиырмаға толар еді, бірақ ханның бұл ұлы өмірден тым ерте, небәрі он төрт-он бес жасында өткен болатын. Ақын өмірі туралы талай құнды дерек берген Берқайырдай

“Жәңгір баласы Зұлқарнайынға Махамбетті ақылшы, серік етпек болады. Осы ниетпен Орынбордағы оқу орнына орналасқан Зұлқарнайынға Махамбетті қосып жіберген. Махамбет Орынборда 1824 жылдан 1829 жылға дейін тұрған” дейді Ақселеу зерттеуші (Дәуір толғагының тұлғасы. “Егемен Қазақстан”. 27 тамыз, 2002).

“В 1824 г. он (Жәңгір — Т.Б.) отправил Махамбета с сыном в Оренбург. Около шести лет в качестве воспитателя ханского наследника поэт прожил в Оренбурге” деп жазады кітап кіріспесінде ақын Бақытжан Қанапиянов (Махамбет. “Слово мое”. Алматы, 2002).

“— Кәне, ханзада, Жәңгір ұлы Зұлқарнай, Бекей немересі, Нұралы шебересі, хош келіпсіз, өзінізді күтуліміз!

Биік басқыштың үстінде тұрған Фәтима бойжеткен (бойжеткен атанса да жасы әлі он төртке тол-

маған ғой) сөзге килікті. Лебізін әкесіне бағыштап, Махамбетті көзіне ілер емес” дегенді жазушы Әкім Таразидың “Тәж” хикаятынан оқимыз.

Белгілі махамбеттанушы Б. Аманшиннің романы мен әдеби-зерттеу кітабында Зұлқарнай оқуға Жәңгірдің Зылихаға (дұрысы Салиха — Т.Б.) үйленген жылы барған. “Сол жылы күзде Жәңгір өзі Зұлқарнайым, Зұлқарнайым деп еркелететін тұнғышы Ескендерді Орынборға оқуға жібергенде, Махамбетті қасына қосқан” (Аманшин Б. “Махамбеттің тағдыры”, “Жазушы” баспасы, 1991) дейді ақын өмірінің білгірі Берқайыр зерттеуші.

Жәңгірдің Салихаға үйленетіні 1844 жыл ғой. Ол жылы Зұлқарнай жиырмаға толар еді, бірақ ханның бұл ұлы өмірден тым ерте, небәрі он төрт-он бес жасында өткен болатын. Ақын өмірі туралы талай құнды дерек берген Берқайырдай